

Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне субвенция бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 тамыз N 1201

Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне түсімдердің төмен деңгейіне байланысты, аймақтағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайға орай және оның тепе-теңдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1999 жылдың тамызында Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен 500 (бес жүз) миллион теңге мөлшерінде субвенция бөлсін;

үстіміздегі жылдың аяғына дейін заңдарға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне субвенция бөлу бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізісін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.